

Бекітемін
«Кардиология және ішкі
аурулар ҒЗИ» АҚ Басқарма
төрағасы
М.О. Пашимов



«23» сәуірі 2025 ж.

**7R01103 — «Анестезиология және реаниматология: ересектер, балалар»
Білім беру бағдарламасы бойынша резидентураға
қабылдау емтиханының бағдарламасы**

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығының, 2025-2026 оқу жылына «Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ» АҚ резидентурасына қабылдау ережелерінің негізінде жасалды.

Бағдарламаны әзірлегендер: Миербеков Е.М., Илялетдинов И.Д., Воронцов М.В.

Бағдарлама 2025 жылғы 22 мамырда «КІАҒЗИ» АҚ Ғылыми кеңесінде талқыланды және бекітілді, № 2 хаттама

**7R01103 — «Анестезиология және реаниматология: ересектер, балалар»
Білім беру бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылына резидентураға
кабылдау емтиханының бағдарламасы**

Оқу мерзімі — 3 жыл.

Мақсаты: қоғамның медициналық көмек көрсету қажеттіліктерін қанағаттандыруға, практика мен ғылымда озық инновациялық технологияларды қолдануға және дамытуға, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін пайдалануға және халықтың денсаулығын нығайтуға ықпал етуге қабілетті анестезиология және реаниматология саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін үміткерлерді сапалы іріктеуді жүргізу

Өткізу рәсімі.

Резидентураға оқуға қабылдау біріктірілген қабылдау емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1. GPA орташа балы, ол 30% құрайды — интернатурадағы оқу кезеңіндегі сома (10%)және бакалавриаттағы GPA орташа баллы(20%) немесе барлық 7 жылдық оқу кезеңіндегі GPA;

Өткен жылдардың түлектері үшін (GPA транскриптіңде болмаған жағдайда) дипломға қосымшаның бағасының орташа балы есептеледі (4балдық шкалаға қайта есептей отырып, 4,0 балдық жүйе бойынша ең жоғары балл ескеріледі).

2. Қорытынды аттестаттау (ҚА) кезеңінің 1-кезең бағасы (тәуелсіз тестілеу. ҰТЕО өткізеді) - бұл 30% құрайды.

3. Ауызша әңгімелесу резидентураның әрбір мамандығы бойынша бакалавриат, интернатура бағдарламасын қамтиды, ол жалпы балл сомасының 40% құрайды.

Әңгімелесу ұзақтығы бір үміткерге 15-30 минут. Әңгімелесу 3 бөлімнен тұрады:

1. Резидентураның негізгі мамандығын таңдау бойынша үміткердің ынталандырушы факторларын анықтау, ең жоғары балл — 30

2. Таңдалған мамандық бойынша жеке сұрақ (ең жиі кездесетін нозологияның біреуінің анықтамасы, түсінігі, клиникасы, диагностикасы және лечение), максималды балл -30

3. Ситуациялық тапсырма балл - 40

Бағалау мамандық бойынша емтихан бағдарламасына сәйкес чек-парақтар бойынша жүзеге асырылады.

7R01103 — «Анестезиология және реаниматология: ересектер, балалар»

**Білім беру бағдарламасы бойынша
қабылдау емтиханының сұрақтары**

1. Анестезияның қазіргі түрлері, анестезиологиядағы көктамырішілік және ингаляциялық анестетиктер (мидазолам, пропофол, кетамин, тиопентал, дексмететомидин, азоттың шала тотығы, фторотан, изофлуран, севофлуран).
2. Ересектер мен балалардағы анестезиология мен қарқынды терапиядағы ауырсынуды бағалау тәсілдері; анестезиологиядағы опиоидты анальгетиктер мен бұлшықет босаңсытқыштарының рөлі.
3. Анестезиологиялық қауіп топтары, жіктеу шкалалары. Науқастың физикалық жағдайын операция алдындағы бағалау. Пациенттерді жалпы анестезияға дайындаудың жалпы принциптері. Премедикация.
4. Анестезиология мен қарқынды терапиядағы тамырларға қол жеткізу. Анестезиология мен қарқынды терапиядағы ультрадыбыстық навигация.
5. Операция кезінде интраоперациялық бақылау және механикалық желдетуді бақылау.
6. Қанның қышқылдық-негіздік жағдайы және газ құрамы. Бұзушылықтардың негізгі түрлері.
7. Трахеяның интубациясы. Көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Әрекет алгоритмі.
8. Трахеостомия және коникотомия. Көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Әрекет алгоритмі.
9. Операциялық араласулар алдында (жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйелері, бүйрек, бауыр, гемостаз) негізгі органдар мен жүйелердің қызметін зерттеудің және бағалаудың функционалдық және зертханалық әдістері.
10. Периоперациялық кезеңде тромбоэмболиялық асқынулардың алдын алу және антибиотиктердің алдын алу.
11. Интраоперациялық инфузиялық терапия, стратегиялар. Кристаллоидты және коллоидты ерітінділер.
12. Клиника, диагностика, келесі жағдайларда әрекет ету алгоритмдері: ишемиялық және геморрагиялық типтегі МҚАЖБ, құрысу синдромы.
13. Гипогликемиялық және гипергликемиялық кетоацидотикалық кома. Анықтама, этиопатогенез, терапияның негізгі принциптері.
14. Жедел тыныс алу жетіспеушілігі, жіктелуі. Жедел респираторлық дистресс синдромы. Анықтама, терапияның негізгі тәсілдері.
15. Өкпе эмболиясы: этиопатогенез, клиника, диагностика, емдеу.
16. Диагностика, әрекет алгоритмі және емдеу: Жедел коронарлық синдром, жедел сол жақ қарыншалық жүрек қызметінің жеткіліксіздігі, кардиогендік шок.
17. Жедел бүйрек қызметінің жеткіліксіздігі: этиологиясы, жіктелуі, клиникасы, диагностикасы, лечение.
18. Экстракорпоральды детоксикация әдістері. Көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер.
19. ДВС синдромы және жедел жаппай қан жоғалту: этиологиясы, жіктелуі,

клиникасы, диагностикасы.

20. Қарқынды терапиядағы қоректік қолдаудың түрлері: энтеральды және парентеральды тамақтану.

21. Қан мен оның компоненттерінің трансфузиясы. Көрсеткіштер, гемотрансфузияның асқынуы, асқынуларды емдеу.

22. Шок жағдайларын бағалау және емдеу: анафилактикалық шок, септикалық шок, геморрагиялық шок.

23. Стационарда тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету. Ларингоспазм және бронхоспазм. Этиологиясы, клиникасы, диагностикасы, лечение.

24. Жүрек-өкпе реанимациясы: қан айналымының тоқтауы, терминалдық жағдайлар, клиникалық және биологиялық өлім. Көрсеткіштер, қарсы көрсеткіштер, сәтті реанимация белгілері. Реанимациялық іс-шараларды тоқтату.

25. Септикалық шок. Этиологиясы, патогенезі, диагностикасы және лечение.

26. Анафилаксия, анафилактикалық шок. Терапияның этиологиясы, патогенезі, диагностикасы және алгоритмдері.

27. Асқазан аспирациясы (Мендельсон синдромы). Этиологиясы, диагностикасы, лечение.

28. Эпидуральды және жұлын анестезиясы. Осы әдістердің негізгі принциптері. Асқынулар.

29. Су-электролиз алмасуының бұзылуының негізгі түрлері және оларды түзету.

30. Өмірге қауіпті жүрек ырғағының бұзылуы, түрлері. Диагностика, емдеу. Дефибрилляция.

31. Гипоксия. Анықтама. Жіктеу. Түрге байланысты емдеу тәсілдері.

32. Анестезиологиядағы және реанимация бөліміндегі инфекциялық асқынулар.

Антибиотикалық терапияның негізгі принциптері және оны жүргізу көрсеткіштері.

**7R01103 — «Анестезиология және реаниматология: ересектер, балалар»
Білім беру бағдарламасы бойынша әңгімелесуге
Чек-парақша**

Ынталандырушы факторларды бағалау	Максималды балл — 30		
	Толық жауап	Ішінара жауап	Толық емес жауап
Бағдарламаға түсудің мансаптық (өмірлік немесе өзекті) максаттары	6	4	0
Іс-шаралар жоспары: жоғарыда сипатталған максаттарға қалай кол жеткізуге болады	6	4	0
Қандай сипатталған мансап жоспарына қажет қасиеттер, дағдылар мен білім Сізде бар және Сізге нені дамыту керек?	6	4	0
Сіз қабылдаған бағдарлама Сізге тиісті қасиеттерді, дағдылар мен білімдерді дамытуға және жоғарыда аталған мансаптық максаттарға жетуге қалай көмектеседі?	6	4	0
Сіз КІАҒЗІИ және курстастарыңыз үшін қалай қызықты/пайдалы бола аласыз?	6	4	0
Ынталандырушы факторларға қорытынды			
Мамандық бойынша жеке сұрақ	максимальный балл — 30		
	Толық жауап 30 балл	Ішінара жауап 20 балл	Толық емес жауап 0 балл
	Сұраққа дұрыс жауап берді,	Дұрыс жауап берді, бірақ жауаптарда қателер бар,	Сұраққа жауап бермеді
Мамандық бойынша сұрақ үшін барлығы:			
Ситуациялық тапсырма	Максималды балл - 40		
	Толық жауап 40 балл	Ішінара жауап 20 балл	Толық емес жауап 0 балл
	Сұраққа дұрыс жауап берді,	Дұрыс жауап берді, бірақ жауаптарда қателер бар,	Сұраққа жауап бермеді
Ситуациялық тапсырма бойынша барлығы			
Әңгімелесуге барлығы балл			

**7R01103 — «Анестезиология и реаниматология: ересектер, балалар»
Білім беру бағдарламасы бойынша
Әңгімелесудің емтихан ведомосы**

№	Үміткердің аты-жөні	Балл	Ескерту
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			

**Емтихан комиссиясының төрағасы _____ (ТАӘ)
(қолы)**

Комиссия мүшелері:

1.	_____	_____
	ТАӘ	қолы
2.	_____	_____
	ТАӘ	қолы
3.	_____	_____
	ТАӘ	қолы

Күні _____ 2025 ж.

**Білім беру бағдарламасы бойынша
қабылдау емтиханының ведомосы**

№	Үміткердің аты-жөні	30% GPA	30% ИГА	40% әңгімелесу	Қорытын ды балл
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					

Емтихан комиссиясының төрағасы _____ (ТАӘ)
(қолы)

Комиссия мүшелері:

1.	<u>ТАӨ</u>	<u>ҚОЛЫ</u>
2.	<u>ТАӨ</u>	<u>ҚОЛЫ</u>
3.	<u>ТАӨ</u>	<u>ҚОЛЫ</u>

Күні _____ 2025 ж.